

Бородулиха ауданы Петропавловка ауылдық округінің Изатулла ауылындағы атаусыз көшеге атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Петропавловка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 қазандағы № 7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 қазанда № 7717 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 17 маусымдағы қорытындысына сәйкес және Петропавловка ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бородулиха ауданы Петропавловка ауылдық округінің Изатулла ауылындағы атаусыз көшеге "Орманшылар" атауы берілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Петропавловка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы шешім жарияланғаннан кейін Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

М. Жунусов